

Бөліп төлеу туралы келісім

Осы арқылы Сатып алушы берілген бөліп төлеу Келісiмiнде (бұдан әрi - «Келiсiм») төменде келтiрiлген талаптар мен шарттарға өзiнiң сөзсiз және қарсылықсыз келiсiмiн растайды.

Негiзгi ережелер

1. Осы Келiсiмнiң мәтiнi жария оферта болып табылады (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексiнiң 395 – бабының 5-тармағына сәйкес ұсыныс жасаушы жақтың кез келген хабарлаушысымен ұсыныста көрсетiлген жағдайларда шарт жасасу еркi көрiнетiн, шарттың барлық елеулi ережелерi бар ұсыныс жария оферта деп танылады). Оферта акцептi - тауарды/қызметтi алу (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексiнiң 396-бабының 3-тармағына сәйкес). Акцепт - бұл ұсыныс жiберiлген адамның оны қабылдау туралы жауабы. Акцепт толық және сөзсiз болуы керек. Осы Келiсiмнiң – жария офертаның акцептi бойынша iс-әрекеттер жасай отырып, Сатып алушы өзiнiң құқықтық қабiлеттiлiгiн және әрекет қабiлеттiлiгiн, сондай – ақ "АДИДАС" ЖШС-мен, БСН 070340010694 (бұдан әрi - "Компания") шарттық қатынастарға түсуге өзiнiң заңды құқығын растайды.

Осы Келiсiмдi жасасуға толық және сөзсiз келiсiм (бұдан әрi – "Акцепт") Компанияның сайтында <https://adidas.kz/> / (бұдан әрi – "Сайт") тауарға/қызметке тапсырыс беру және сатып алу жолымен оның шарттарымен бiлдiрiлген келiсiм болып табылады.

2. Келiсiмнiң акцептi сатып алушының осы Келiсiмнiң барлық ережелерiмен келiсетiнiн және келiсiмдi және оған барлық қосымшаларды жазбаша түрде жасасуға тең келетiндiгiн бiлдiредi. Жоғарыда айтылғандарға байланысты Келiсiмнiң мәтiнiн мұқият оқып шығыңыз. Егер сiз Келiсiмнiң қандай да бiр тармағымен келiспесеңiз, Компания сiзге ұсыныс қабылдаудан бас тартуды ұсынады.

Бөліп төлеу шарттары.

3. Сатып алушы Сатып алушы мен Компания арасында сатып алу-сату шартының (бұдан әрi – "Шарт") жасалғанын растайды. Сатып алушы тауарды / көрсетiлетiн қызметтердi осы Келiсiмде көрсетiлген бөліп төлеу шарттарымен сатып алатынын растайды.

4. Осы Келiсiмдi акцептеу арқылы Сатып алушы Компанияға шарт бойынша Сатып алушы тапсырыс берген тауарлар/қызметтер үшiн төлем талаптарын үшiншi тұлғаларға беру/сату құқығын бередi. Бұл ретте, үшiншi тұлғаға құқықтың (талаптың) өту талаптарын қамтитын шарт жасалғанға дейiн Компания Сатып алушыны (немесе оның уәкiлеттi өкiлiн) осы Келiсiмде көзделген тәсiлмен және мерзiмдерде осы талапты басқаға беру туралы хабардар етуге мiндеттенедi.

5. Талап ету құқықтарын беру/сату туралы хабарлама Сатып алушыға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жазбаша нысанда берiлетiн болады.

6. Сатып алушыға талап ету құқықтарын басқаға беру/сату туралы хабарлама талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шарт жасалған күнге дейiн 5 (бес) жұмыс күнiнен кешiктiрiлмей жiберiледi.

7. Компания Сатып алушыға тиiстi түрде ресiмделген және Сатып алушыға осы Келiсiмде көзделген мынадай тәсiлдердiң бiрiмен жеткiзiлген деп есептелетiн кез келген хабарламаларды жiберуге құқылы:

- 1) осы Келiсiмде Сатып алушы көрсеткен телефон нөмiрi бойынша SMS-хабарлама арқылы;
- 2) тұрғылықты жерi бойынша тапсырыс хатпен, оның табыс етiлгенi, оның iшiнде көрсетiлген мекенжай бойынша тұратын Сатып алушының кәмелетке толған отбасы мүшелерiнiң бiрi алғаны туралы хабарламамен;
- 3) электрондық пошта арқылы, жеткiзу туралы есеп болған кезде хабарлама жiберiлген күнi;
- 4) Сатып алушының хабарламаны алуын тiркеудi қамтамасыз ететiн өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып.

Осымен Сатып алушы Компанияның Сатып алушының атына Сатып алушы көрсеткен телефон нөмiрiне және/немесе электрондық пошта мекенжайына және/немесе тұрғылықты мекенжайына кез келген хабарламаларды жiберуi Компания тиiстi түрде және Сатып алушымен тиiстi байланыс арналары арқылы жасаған хабарламаларды жiберуi болып табылатынымен келiседi және растайды.

8. Хабарламаны жолданушыға, алушыға тапсыру мүмкiн еместiгi туралы белгiсi бар

хабарлама қайтарылған жағдайда не оны қабылдаудан бас тартуға байланысты, сондай-ақ осы Келісімнің 7-тармақшасында көрсетілген кез келген байланыс құралы пайдаланылған кезде оның қабылданғаны расталмаған жағдайда, хабарлама тиісінше жіберілген болып есептеледі.

9. Бөліп төлеу Сатып алушыға қажетті ішкі рәсімдер жүргізілгеннен кейін, оның ішінде Сатып алушының төлем қабілеттілігі бағалағаннан кейін беріледі. Сатып алушы Компанияның талаптарына сәйкес келмеген жағдайда және Сатып алушыға бас тарту туралы түсініктеме бермей, Компания үшін маңызды басқа негіздер бойынша сатып алушыға бөліп төлеуден бас тартылуы мүмкін.

10. Сатып алушы Компанияға кредиттік бюролардың дерекқорынан Сатып алушы туралы мәліметтерді, жасалатын мәмілені, Сатып алушының және Компанияның (немесе өзге де үшінші тұлғалардың) Келісім және/немесе Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес ұсынылуы қажет болуы мүмкін өзге де мәліметтерді ұсынуға және алуға өзінің келісімін береді.

11. Тауарды сатып алу кезінде бөліп төлеу Сатып алушыға тауардың құнын теңдей 4 (төрт) төлеммен, артық төлемсіз, тауарды алған күннен бастап 4 (төрт) ай ішінде төлеуге құқық береді. Сатып алушы тауарды алған күннен бастап ай сайын Компания алдындағы берешекті төлеуге міндеттенеді.

12. Тауарды алу расталады:

- a) Сатып алушыға өзі көрсеткен телефон нөміріне келіп түскен 4 таңбалы SMS-кодпен не;
- b) Сатып алушыға тауарды жеткізу нәтижелері бойынша Компания порталда "жеткізілді" мәртебесін қояды және олар бойынша деректер API интернет-арнасы арқылы "Center Leasing" ЖШС-ге беріледі.

13. Ай сайын бөліп-бөліп сатып алынған тауарды алған күннен бастап 4 (төрт) ай ішінде Сатып алушы осы Келісім бойынша бөліп-бөліп төлеуді ресімдеу кезінде деректемелерін көрсеткен байланыстырылған банк карточкасында бөліп-бөліп төлеу бойынша ай сайынғы төлем мөлшерінде қажетті соманы қамтамасыз ету жолымен берешекті төлем күнінен кешіктірмей Астана қ. уақыты бойынша сағат 20:00-ге дейін төлеуге / өтеуге міндеттенеді. Сатып алушы тіркелген банк карточкасында ай сайынғы төлемді өтеу үшін қажетті ақша сомасы қамтамасыз етілмеген жағдайда, барлық төлем мерзімі кешіктірілген болып есептеледі және Сатып алушы осы Келісімнің 14-тармағында көрсетілген айыппұлды ескере отырып, байланыстырылған төлем карточкасындағы ақша сомасын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14. Уақтылы төлемеген жағдайда Сатып алушы Компанияға немесе Шарт бойынша талап ету құқықтары берілген/сатылған тұлғаларға төленбеген әрбір төлем үшін 2 200 (екі мың екі жүз) теңге мөлшерінде біржолғы айыппұл төлеуге міндеттенеді

15. Сатып алушы компанияға Шарт және осы Келісім бойынша талап ету құқықтарын кез келген үшінші тұлғаларға, оның ішінде банктерге, микроқаржы ұйымдарына, коллекторлық агенттіктерге, "Center Leasing" ЖШС-не тапсыруға/беруге, оның ішінде Сатып алушының дербес деректерін осындай беруге байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен Сатып алушының қосымша келісімінсіз өңдеуге өз келісімін береді.

Осы арқылы Сатып алушы осы Келісім мен Шарт бойынша талап ету құқығын Компания "Center Leasing" ЖШС пайдасына БСН 020140001503 ұсынатыны / тапсыратыны туралы өзінің хабардарлығын растайды және осы арқылы Сатып алушының борышын ай сайын өтеуді жүзеге асыру мақсатында Сатып алушы Компанияның "Center Leasing" ЖШС пайдасына БСН 020140001503 Сатып алушының дербес деректерін және Сатып алушының қарызын толық өтегенге дейін ай сайын автоматты түрде есептен шығару жүзеге асырылатын банктік картасы бойынша ақпаратты ұсынуына / тапсыруына, сондай-ақ осы Келісім және/немесе Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында "Center Leasing" ЖШС немесе оның серіктестерінің онлайн ресурстарында Сатып алушының банк картасының деректемелерін сақтауға (тіркеуге) өзінің келісімін білдіреді.

16. Осы Келісім мен Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мақсаттары үшін Сатып алушы Компанияға өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге, үшінші тұлғаларға, оның ішінде коллекторлық агенттіктерге, "Center Leasing" ЖШС-не, сондай-ақ Екінші деңгейдегі банктерге, микроқаржы ұйымдарына және сақтандыру, аудиторлық, бағалау қызметін жүзеге асыратын

ұйымдарға және Компания тартқан сыртқы сарапшыларға немесе Шарт бойынша талап ету құқықтары берілген/сатылған тұлғаларға кез келген ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде банктік құпияны құрайтын құжаттарды, берілген бөліп төлеуге байланысты дербес деректер бойынша ақпаратты ұсынуға келісімін береді.

17. Сатып алушы Компания мен Шарт бойынша талап ету құқықтары берілген/сатылған тұлғаларға сатып алушының қосымша растауынсыз тіркелген картадан (рекуррентті төлемдер) төлемдерді автоматты түрде есептен шығаруға өзінің келісімін береді. Сатып алушы осы Келісім және/немесе Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында "Center Leasing" ЖШС немесе оның серіктестерінің онлайн ресурстарында банк картасын байланыстыруды жүзеге асырады. Сатып алушы кепілдік береді:

17.1. ол тіркелген карта туралы сенімді деректер көрсетіледі;

17.2. тіркелген карта жарамды;

17.3. тіркелген карта Сатып алушының атына шығарылады;

17.4. Сатып алушы берілген бөліп төлеу бойынша берешекті толық өтегенге дейін тіркелген банк картасының деректемелерінің өзектілігін сақтайтын болады.

18. Компанияның осы Келісім және Шарт бойынша Сатып алушыға талап ету құқығын "Center Leasing" ЖШС БСН 020140001503 пайдасына ұсынуына/тапсыруына/сатуына байланысты немесе Келісімнің 4-7-тармақтарына сәйкес Сатып алушыға жіберілген хабарламада көрсетілетін басқа үшінші тұлғаға Сатып алушы тиісті хабарламада көрсетілген жаңа кредиторға берешекті өтеуді жүргізеді. Осы Келісімді жасасу арқылы Сатып алушы жаңа кредитор ұсына алатын берешекті өтеу шарттарын өзгертуге өзінің келісімін растайды.

19. Төлемді бөліп төлеу шарттарымен сатып алынған тауарды/қызметті алғаннан кейін Сатып алушының тауар/қызмет бағасы бойынша, Сатып алушының құқықтары мен міндеттерінің көлемі бойынша, сондай-ақ осы Келісімнің шарттары бойынша барлық ықтимал қарсылықтары таусылған болып есептеледі.

20. Осы Келісімді Сатып алушы осы Келісімде көрсетілген Сатып алушының телефон нөміріне бағытталған SMS-хабарлама арқылы екі факторлы аутентификация арқылы акцептейді / қол қояды. Сатып алушы мен Компания осы Келісімге осындай қол қоюды заңнаманың барлық талаптарына сәйкес келеді және олардың тиісті ерік білдіруін растайды деп таниды.

(келісімнің күні мен
уақыты) *

* Ақпарат
электрондық
нысанда автоматты
түрде толтырылады

** Астана қаласының уақыты бойынша көрсетіледі

Екі факторлы аутентификациямен расталған:*

Өтініш берушіге SMS жіберу күні мен

уақыты: _____

Өтініш берушіден SMS алу күні мен уақыты: _____

БМГФЛ сәйкестендіру: _____